# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# ШЕШІМ

2026 жылғы 23 ақпан №5165-26-00-2/181 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Кәрім,
сот отырысының хатшысы К.Б.Утебаеваның отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Түркістан облысының білім басқармасының "Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
"Computer Universe KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлды өндіру

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
Талап қоюшының өкілінің өкілі Ф.Д.Мусаев
Жауапкер өкілі С.К.Букешов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Түркістан облысының білім басқармасының "Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - талап қоюшы) мен "Computer Universe KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - жауапкер) арасында 2025 жылғы 25 қарашада жалпы сомасы 1 146 544 теңгені құрайтын тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №080440006804/250060/00 шарт (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың әрекет ету мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер тауарды (Ноутбук – 4 дана) келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күнде жеткізуге тиіс болған.

2025 жылғы 23 желтоқсанда Шарт біржақты бұзылған.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюын берген. Талапты жауапкер Шарттың

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 23.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 26.03.2026, судья Кәрім Б. С., 26.03.2026
5165-26-3-1/132

талаптарымен көзделген міндеттемесін орындамағанымен негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 11 465 теңге 44 тиын тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұрап сотқа талап қоюымен жүгінген.

Жауапкердің өкілі жазбаша қарсы пікірінде талап арызын талап арызын қанағаттандырмауды, талап арызды қараусыз қалдыруды сұрады.

Талап қоюшының өкілі сотта талаптың уәждерін қуаттап, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі С.К.Букешов талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

**УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабы 1-тармағына сай міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;

2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің;

4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 8-бабының 5-тармағына сай Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 23.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 26.03.2026, судья Кәрім Б. С., 26.03.2026
5165-26-3-1/132

кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Бұл жағдайда жауапкер тауарды 2025 жылғы 11 желтоқсанға дейін жеткізуге тиіс болған.

Алайда, жауапкер тауарды 2025 жылғы 11 желтоқсанға дейін және қазіргі күнге дейін де жеткізбеген.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарттың талаптарын орындамағанын негізге алып, әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

№2 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабына сай борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқан да, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Келісім шарттың 7.3. тармағына сай шарт бойынша міндеттерін тиісінше орындамаған үшін мерзімі өткен әрбір кешіккен күнге шарттың орындалмаған сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл көзделген.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңының 43-бабының 24-тармағына сәйкес өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу тәртібі Қағидаларда реттелген. Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шартта тауарды жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) ұстап қалады (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелердің сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) деген норма қамтылған. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс. Барлық Үлгілік шарттарда ұқсас талаптар бар. Шартқа қол қойылғаннан кейін

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 23.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 26.03.2026, судья Кәрім Б. С., 26.03.2026
5165-26-3-1/132

осы талаптар Тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады және Тапсырыс беруші төленуге жататын шарт сомасынан тұрақсыздық айыбын ұстап қалуға құқылы.

Талапкер талап арызда жауапкерден ( 1 146 544 тг x 0,1% x 10 күнге) 11 465 теңге 44 тиын тұрақсыздық сомасын өндіруді сұраған. Тұрақсыздықтың сомасы шартқа сәйкес дұрыс саналған.

Осыған орай, сот талаптың бұл бөлігіде қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, тараптар сотта талқыланған дәлелдемелерден тыс, сотқа басқа дәлелдемелер табыс етпеді.

АПК-нің 109, 117-баптарының негізінде жауапкерден талап қоюшының пайдасына сот шығыстары мен мемлекеттің пайдасына іс бойынша мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Түркістан облысының білім басқармасының "Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер "Computer Universe KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер "Computer Universe KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 11 465 (бір мың сегіз жүз отыз үш) теңге 44 (қырық төрт) тиын тұрақсыздық айыппұл мен 2 507 (екі мың бес жүз жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **Б.С.Кәрім**

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 23.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 26.03.2026, судья Кәрім Б. С., 26.03.2026
5165-26-3-1/132